



## Химия өнеркәсібі бойынша 2020 жылғы қаңтар-тамыздағы дайджест



### Өндіріс көлемінің динамикасы

Өндіріс көлемінің құндық көріністе ұлғайғандығы байқалады



### Түсінік:


ҚР ҰЭМ СК оперативті деректеріне сәйкес 2020 ж. қаңтар-тамызда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда ФКИ 3,1% өскендігі байқалады, құндық көріністе өндіріс көлемі 2,4% өсті.

Өндіріс көлемінің заттай көріністе ең жоғары өсуі: аммиак 26,3%, азот тыңайтқыштары 17,4%, жуғыш заттар 9,4%, бастапқы формадағы стирол полимерлері 6,7%, фосфор тыңайтқыштары 4,9% көрсетеді.

Өндіріс көлемінің заттай көріністе төмендеуі: каустикалық сода 30,1%, цементке арнаған қоспа 28,9%, полимер негізіндегі бояулар мен лактар 25,1%, көміртегі диоксиді 12,1%, күкірт қышқылы 8,1% көрсетеді.


Құндық көріністе Жамбыл, Атырау және Қарағанды облыстары сияқты ірі өнеркәсіптік орталықтар көшбасшылар қатарында, олар тиісінше 116,3 млрд тг, 35,0 млрд тг және 32,6 млрд тг өнім шығарды.

### Өңірлер кесінінде 2020 ж. қаңтар-тамыздағы өндіріс көлемі, млрд теңге



**Негізгі өнім түрлерінің 2020 ж. қаңтар-тамызда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**


*Ағымдағы кезеңде фосфор және азот тыңайтқыштары, аммиак, жуғыш заттар және бастапқы формадағы стирол полимерлері өндірісі көлемінің өсуі байқалады*



*2020 жылғы қаңтар-тамызда каустикалық сода, полимер негізіндегі бояу және лактар, көміртегі диоксиді, сондай-ақ, цементке арналған қосымшалар өндірісі көлемінің едәуір төмендегені байқалады*




## САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



### Экспорт

ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК оперативті деректері бойынша 2020 ж. 7 айда химия өнімінің экспорты 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда құндық көріністе 18,2% төмендеді. Параксиллол, аммоний нитраты, цианид және натрий цианидінің оксиді сияқты тауарлардың заттай көріністе өсуі байқалады.

| Өнім  | \$ млн. | 2020/2019 | мың тонна | 2020/2019 | Экспорт үлесі,% |
|---|---------|-----------|-----------|-----------|-----------------|
| Сары («ақ») фосфор  | 127,4   | -3,7%     | 50,4      | -4,7%     | 23,1%           |
| Сублимацияланған немесе коллоидты күкірттен басқа барлық күкірт түрлері | 105,8   | -50,7%    | 2343,1    | -3,7%     | 19,2%           |
| N-ксиллол   | 61,1    | +50,5%    | 133,8     | +163,3%   | 11,1%           |
| Басқа да NP-тыңайтқыштары   | 46,6    | -4,7%     | 175,1     | +12,8%    | 8,4%            |
| Хром оксиді және хлориді  | 30,6    | -21,6%    | 15,7      | -13,8%    | 5,5%            |
| Аммоний нитраты, соның ішінде, су ерітіндісінде                         | 13,6    | +28,7%    | 84,2      | +84,4%    | 2,5%            |
| Хром триоксиді  | 11,7    | -23,1%    | 6,4       | -13,2%    | 2,1%            |
| Инсектицид  | 11,2    | +150,6%   | 0,1       | +9,9%     | 2,0%            |
| Полипропилен  | 11,0    | -24,3%    | 12,0      | -3,3%     | 2,0%            |
| Натрий цианиді және натрий цианидінің оксиді                            | 10,4    | +50,6%    | 4,3       | +57,1%    | 1,9%            |



### Импорт

ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК оперативті деректері бойынша 2020 ж. 7 айда химия өнімінің импорты 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда құндық көріністе 1,6% төмендеді. Заттай көріністе 235 уранмен байытылған уран, құю қалыбын өндіруге арналған дайын байланыстырушы заттар импортының елеулі өскендігі байқалады.

| Өнім  | \$ млн. | 2020/2019 | мың тонна | 2020/2019 | Экспорт үлесі,% |
|---|---------|-----------|-----------|-----------|-----------------|
| Гербицидтер, өскінге қарсы құралдар және өсімдіктердің өсуін реттегіштер                              | 103,7   | +28,7%    | 17,2      | -90,5%    | 6,3%            |
| 235 уранмен байытылған уран және оның қосындылары;  | 94,9    | +191,8%   | 0,1       | +191,9%   | 5,7%            |
| Бөлшек сауда үшін өлшеп салынған жуғыш, тазартқыш белсенді заттар                                     | 79,0    | +11,6%    | 84,8      | +33,1%    | 4,8%            |
| Үлес салмағы 0,94 немесе одан да асатын полиэтилен  | 76,6    | -21,8%    | 87,6      | +12,2%    | 4,6%            |
| Құю қалыбын өндіруге арналған дайын байланыстырушы заттар   | 64,4    | -6,0%     | 45,4      | +180,2%   | 3,9%            |
| Диагностикалық немесе зертханалық реагенттер  | 56,6    | +73,2%    | 0,7       | -13,9%    | 3,4%            |
| Тамақ өнеркәсібі немесе сусын өндірісіне арналған хош иісті заттардың қоспалары                       | 47,6    | +7,9%     | 2,0       | -53,2%    | 2,9%            |
| Басқа да косметикалық құралдар немесе макияжға арналған құралдар және тері күтіміне арналған құралдар | 41,1    | -2,1%     | 5,9       | +14,2%    | 2,5%            |
| Динатрий карбонаты  | 37,9    | -21,2%    | 176,7     | -6,6%     | 2,3%            |
| Инсектицид  | 34,8    | +29,7%    | 2,4       | -7,5%     | 2,1%            |

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### АҚТӨБЕ ХРОМ ҚОСЫНДЫЛАРЫ ЗАУЫТЫ ЖҰМЫСЫН УАҚЫТША ТОҚТАТТЫ

Ақтөбе хром қосындылары зауыты жұмысын тоқтатты. Кәсіпорында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Еңбек жағдайын жақсарту үшін жабдық ауыстыруда.

«Біз жабдықтар мен цехтарға жөндеу жүргізіп жатырмыз», - деп хабарлады «Диапазон» газетіне АХҚЗ директорлар кеңесінің кеңесшісі Ефим Книжник. — 2250 қызметкердің бір бөлігі қысқартылған график бойынша жұмыс істеуде, бір бөлігі жөндеу жұмыстарын жүргізуде, қалғандары демалыста, ешкімді қысқартып жатқан жоқ».

АХҚЗ хром тотығын, натрий бихроматын, хром сульфатын және химия, металлургия, тоқыма, былғары өндірісінде пайдаланатын басқа да өнім өндіреді, оларды Ақтөбеден әлемнің 40 еліне жеткізеді, соның ішінде, Англия, Бельгия, Жапония, Ресей.

Ефим Книжниктің айтуынша қазір сатып алушыларда өндіріспен проблема бар, өнімге деген сұраныс азайды. Пандемия әсер етті.

Шағын көлемде болса да, өндірісті қыркүйек айында қалпына келтіру жоспарланып отыр. Әзірге зауытта көптен бері болмаған күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Бұл жұмыс орындарында еңбек жағдайын жақсартуы тиіс. «Ұзақ жылдар бойы жөнделмеген жабдықтар бар. Жаңа жабдықтар да бар, бірақ, оларды заманауи жабдықтарға ауыстырып жатыр. Жөндеу балқыту пештері, электрсүзгілерге қатысты» - дейді Ефим Книжник. Оның айтуынша, 2020 ж. 28 мамырдағы қайғылы оқиғаны барлығы ауыр көтерді. Оқиға болған №4 цехке ерекше жаңғырту қажет емес, жоспарлы жөндеу, кейбір агрегаттарды ауыстыру жүргізіледі.

*Дереккөз: [diapazon.kz](http://diapazon.kz)*



### ПОЛИЭТИЛЕН ЗАУЫТЫ ТШО ЭТАНЫН АЛАДЫ

Жылына 1,25 млн т. этаннан полиэтилен шығаратын зауыт құрылысын салушы KLPE компаниясы Атырау облысында «Теңізшевройл»-мен (ТШО) Теңіз кен орны аумағында орналасатын этан шығару қондырғысын жобалау кезіндегі өзара іс-қимылдың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойды.

Газ тазартқыш қондырғы (ГТҚ) жылына 1,5—1,6 млн т. этан ала отырып, жылына 9,1 млрд м3 дейін ТШО құрғақ газын өңдейтін болады. Жылына 7,3 млрд м3 жуық метан ТШО газ құбыры жүйесіне түсетін болады, ал, этан — «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» (ҰИМТ) арнайы экономикалық аймақ аумағында газ-химия кешені алаңында 200 км жуық құбыр желісі бойынша тартылатын болады.

ҰИМТ Атыраудан 35 км жерде, Қарабатан теміржол бекетінен 8-9 км солтүстікте орналасқан.

Полиэтилен өндірісі зауытының құрылысы 2027 ж. аяқталады деп күтілуде.

Біріккен химиялық компания (БХК) — 99,9% және «Полимер Продакшн» — 0,1% KLPE акционерлері болып табылады. БХК «Самұрық-Қазына» ұлттық қорының еншілес компаниясы болып табылады. 2019 ж. маусымда KLPE «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының басқаруына берілді.

*Дереккөз: [argusmedia.com](http://argusmedia.com)*



## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ТМД



### «АВГУСТ» ЖӘНЕ JIANGSU AGROCHEM LABORATORY БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫН АШТЫ

ҚХР-да «Август» ресей компаниясымен және Jiangsu Agrochem Laboratory қытай компаниясымен құрылған Hubei Avgust Pesticide кәсіпорнының алғашқы цехі іске қосылды.

Ол өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруге арналған заттарды шығарумен айналысатын болады, оның қуаты 7,5 мың тоннадан асады. Өндірілген өнімнің 400 тонна алғашқы партиясы Ресей мен Белоруссиядағы «Август»-тің өндірістік алаңдарына жіберілді.

Jiangsu Agrochem Laboratory Қытайдағы өсімдіктерді қорғау құралдарының ірі өндірушілерінің бірі болып табылады. Оның «Августпен» ынтымақтастық тәжірибесі бар: 2005 жылы олар пестицидтердің препаративті формаларының кең спектрін өндіруге мамандандырылған Changzhou August Agrochem бірлескен кәсіпорнын құрды.

*Дереккөз: [fertilizerdaily.ru](http://fertilizerdaily.ru)*



### ТОМСҚДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК КАТАЛИЗАТОРЛАР ШЫҒАРА БАСТАДЫ

Томск мемлекеттік университеті және ТМУ инжинирингтік химия-технологиялық орталығы катализаторлар өндірісін ұйымдастырды.

БАҚ бойынша каталикалық учаске ТМУ ИХТО өндірістік орталық базасында ашылды. Осы мақсатта 30 млн рубльге жабдық сатып алынды, онда көлемі 40 тоннаға дейін катализаторлардың алғашқы партияларын өндіретін болады.

ИХТЦ директоры Алексей Князевтің айтуынша қазір оннан астам әлеуетті тапсырыс беруші бар, для двух уже началась отработка технологии. Өндірістің әлеуетті көлемі - үш өндірістік катализатор партиясына дейін, орта есеппен катализатор килограммы шамамен 700 рубльді құрайды.

*Дереккөз: [himagregat-info.ru](http://himagregat-info.ru)*



### УКРАИНАДА ҚҰРҒАҚ НР- ЖӘНЕ НРК-ТЫҢАЙТҚЫШ ЖАҢА ӨНДІРИСТЕРІ АШЫЛУДА

Grossdorf («Гроссдорф») компаниясы Черкассы облысы, Хацки ауылындағы өндірістік кешенде түйіршікті кешенді тыңайтқыштар өндірісінің басталғаны туралы хабарлады.

Коммерциялық шығарылымның алғашқы партиялары 2020 ж. 14 тамызда алынды.

Компанияда хабарлағандай жоба бойынша жұмыс ұзақ уақыт жүргізілді. Қазіргі уақытта өндірістік желі тәулігіне 100-150 тонна тыңайтқыш өндіреді, ал, ай сайынғы өндіріс 3000-4500 тоннаға бағаланады. Бұл шамамен жобалық қуаттың 50%, бұл көрсеткішке қыркүйек айында шығу жоспарланып отыр.

Grossdorf айына барлығы 6000 тонна өндіре алады, ал ең жоғары жүктемемен жұмыс істеген кезде желі 7500 мың тоннаға дейін түйіршектелген тыңайтқыш өндіре алады.

Кәсіпорында айына 4000-5000 тонна қуатпен ұсақталған түйіршік түріндегі жеке цех жұмыс істейтіндігін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта цехта ескі өнім – аммоний сульфаты және хлорлы калий кезектесіп түйіршіктеледі.

Grossdorf жаңа өндірісінің ассортименті әзірге үш маркадан тұрады – NPS 10:17+11 және 20:20+15 сульфоаммофос аналогтары, сондай-ақ, танымал NPK-марка 15:15:15+11.

Компанияда тыңайтқыштар тиімді бағамен сатылатынына уәде беруде.

«Қышқылды» технологиялар қолданатын ескі өндірістерден айырмашылығы Grossdorf цехтарында тығыздау тәсілі пайдаланылады, бұл жаңа желінің маңызды басымдығы болып табылады.

Бұл клиентке қажет формулаларды шығаруға тез ауысуға мүмкіндік береді.

Тығыздау кез келген құрғақ моно шикізатты қолдануға мүмкіндік береді. NPK 10:20:20, NP 12:24 және т.б. сияқты формулалар нарыққа шығарылатын болады.

*Дереккөз: [infoindustria.com.ua](http://infoindustria.com.ua)*

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



### GRACE ГЕРМАНИЯДА ЖАҢА ЗАУЫТ АШТЫ

Brandt америкалық агрохимикат өндірушісі Иллинойс және Айова штаттарындағы кәсіпорындармен бірге Morton Fertilizer сатып алу туралы хабарлады.

Бұл келісім компанияның 27 сауда нүктесі ашылған Иллинойс штатында Brandt-тің өз әсерін кеңейту бойынша агрессивті стратегиясына сәйкес келеді.

Brandt тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары мен тұқымдарды қоса алғанда, көптеген қызмет түрлерін ұсына отырып, миллион акрдан астам егістік жерлерге қызмет көрсетеді.

«Біз бұл келісім бойынша бес жылдан артық жұмыс істедік. Бұған қол жеткізу үшін бізге шыдамдылық, табандылық пен көрегендік қажет болды», — деп мәлімдеді Brandt вице-президенті Тим Макардл (Tim McArdle).

Brandt-те Иллинойс, Флорида және Юта штаттарының жанында Висейлия қ. (Калифорния штаты) солтүстікте орналасқан тыңайтқыштар зауыты, сондай-ақ, Бразилия мен Испанияда зауыттары бар.

*Дереккөз: [fertilizerdaily.ru](http://fertilizerdaily.ru)*



### AKZONOBEL ҚЫТАЙДА ЗАУЫТТЫ ЖАҢҒЫРТУДА

AkzoNobel ағымдағы жылғы тамызда лак-бояу материалдары өндірісі бойынша экологиялық жобаның бастауы туралы хабарлады.

Компания Гуанчжоудағы (Қытай) зауытқа ЛБМ дайындау кезінде пайдаланылған судың 70% қайтадан пайалануға жібереді.

Сонымен қатар, жаңғырту өндірісті қуатты ұлғайтуға мүмкіндік береді.

AkzoNobel хабарлауынша қазіргі уақытта Қытайда декоративтік сегменттің су негізінде эко-премиум өнімдеріне сұраныстың өсуі байқалады.

Гуанчжоудағы зауыт осындай материалдар өндірісіне толық өткен төрт қытай алаңының төртіншісі болды. Алайда, ол әлі жаңғыртудан өту керек.

Жаңа технологиялар жылына 88 миллион литрден 140 млн литрге дейін СД-жабын өндіру қуатын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Экологиялық аспект те маңызды.

Жобаны іске асырған жағдайда ұшпа органикалық қосындылар шығарындылары мен электр энергиясын тұтынуды едәуір қысқарту күтілуде.

Тұрақты даму жөніндегі директор AkzoNobel Ринске ван Хайнингеннің айтуынша Гуанчжоудағы кәсіпорын – декоративті ЛБМ өндіретін жетекші 10 зауыттың бірі.

Жаңғыртудан кейін ол тек еріткішсіз жабындарды шығаратын болады. Технологияларды жаңартуға инвестициялар көлемі 26 млн юань немесе 3,745 млн АҚШ долларын құрайды.

*Дереккөз: [lkmportal.com](http://lkmportal.com)*